

«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының математика пәнінің I жарты жылдықтағы есебі

1. I жарты жылдық қорытындысы бойынша есебі;
2. I-II тоқсандағы оқу процесінің үлгерімі;
3. Оқушылар олимпиадасының қорытындысы;
4. 9, 11 сынып оқушыларының ББЖМ мен ҰБТ-ға дайындық дәрежесі;

ӘБ жетекшісі Әлі Ақнұр

1. Алғашқы сөз кезегін ӘБ жетекшісі Әлі Ақнұр сөз алып, I жарты жылдықтың аяқталуы әдістемелік жұмыстардың қорытынды есебіне және пән мұғалімдерінің I жарты жылдық қорытындысы бойынша есебіне тоқталып өтті. 2024 оқу жылында әдістемелік бірлестік «Оқытудың жаңа инновациялық технологияларын пайдалана отырып, ой-өрісі дамыған, шығармашыл тұлға қалыптастыру» деген тақырыпта жұмыс атқаруда. Мақсаты: «Әрбір сабақты тиімді өткізіп, оқушыларға сапалы білім беру». Пән мұғалімдерімен өзара сабаққа ену, ашық сабақтарға қатысу, интернет жүйесімен жұмыс жасау жүргізілуде. Сонымен қатар, Lesson study зерттеуі жүргізілуде.

2. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша, ӘБ жетекшісі II тоқсандағы оқу процесінің үлгерімі жайлы сөз қозғады. 2024 оқу жылының II тоқсанында оқушылардан алынған бөлім бойынша жиынтық бағалау (ББЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТБЖБ) жұмыстары уақытында алынып Kundelik.kz сайтына қойылып отырды.

I-тоқсан

Пән	Сынып	Оқушылар саны	Үлгерім			Орташа балл	Үлгерім %	Білім сапасы %
			Үздік	Жақсы	Қанағат.			
Математика	5	271	60	100	111	3,8	100	59
Математика	6	270	66	103	101	3,87	100	62,4
Алгебра	7	272	46	108	118	3,74	100	56,62
Алгебра	8	271	36	113	122	3,68	100	54,98
Алгебра	9	263	38	110	115	3,71	100	56,27
Алгебра және анализ бастамалары	10	165	16	82	67	3,68	100	59.2
Алгебра және анализ бастамалары	11	140	24	54	62	3,73	100	55.6
жалпы		1652	286	670	696	3.74	100	57,7

II-тоқсан

Пән	Сынып	Оқушылар саны	Үлгерім			Орташа балл	Үлгерім %	Білім сапасы %
			Үздік	Жақсы	Қанағат.			
Математика	5	222	45	85	92	3,79	100	58,56
Математика	6	220	49	89	82	3,84	100	62,7
Алгебра	7	226	36	92	98	3,73	100	56,69
Алгебра	8	215	25	98	92	3,69	100	57,2
Алгебра	9	239	36	103	100	3,73	100	58,16
Алгебра және анализ бастамалары	10	146	15	69	62	3,68	100	57,53
Алгебра және анализ бастамалары	11	140	27	54	59	3,76	100	57,8
жалпы	жалпы	1408	233	590	585	3,75	100	58,45

3. Келесі мәселе бойынша мектепшілік оқушылар олимпиадасының қорытындысы жайлы сөз қозғалды. 2024-2025 оқу жылында келген хаттар мен конкурстар тізімі математика пәні бойынша, мұғалімдер жетістіктері

10-11 сынып оқушыларына арналған "Алтын түлек" олимпиадасының мектепшілік кезеңінің хаттамасы

№	Қатысушының фамилиясы, аты	Сыныбы	I бөлімнің ұпай саны	II бөлімнің ұпай саны	III бөлімнің ұпай саны	Қорытынды балл	Иеленген орны	Аудандық кезеңге өткендер ("өтті" деп жазылу керек)	Математика мұғалімінің аты-жөні
1	Медіхан Азамат	11	8	20,00	18,00	46,00			Рыскулова Биби
2	Балғабек Бекзат	11	12	15,00	6,00	33,00			Ергеш Назерке
3	Абилда Ақжан	11	16	30,00	12,00	58,00	3 орын	өтті	Ергеш Назерке
4	Қыдырбек Айжамал	11	12	20,00	18,00	50,00	3 орын	өтті	Ергеш Назерке
5	Алтай Ғанибет	11	20	20,00	12,00	52,00	3 орын	өтті	Ергеш Назерке
6	Тәкен Ақмарал	11	28	25,00	18,00	71,00	2 орын	өтті	Рыскулова

									Биби
7	Доспол Әділет	11	24	30,00	18,00	72,00	1 орын	өтті	Сапарова Гүлжан
8	Әділхан Азамат	11	8	10,00	6,00	24,00			Ергеш Назерке
9	Турсынбек Сәкен	10	24	25,00	24,00	73,00	1 орн	өтті	Әлі Ақнұр
10	Сейтнасыр Айару	10	16	25,00	18,00	59,00	3 орын	өтті	Ергеш Назерке
11	Мурсалиев Арсен	10	20	20,00	18,00	58,00	3 орын	өтті	Ергеш Назерке
12	Ақхожа Ұлмира	10	4	15,00	18,00	37,00			Рыскулова Биби
13	Алыбай Шыңғыс	10	28	25,00	24,00	77,00	1 орын	өтті	Сапарова Гүлжан
14	Әбсаттар Асланбек	10	16	25,00	30,00	71,00	2 орын	өтті	Сапарова Гүлжан
15	Тоқтамысова Балхадиша	10	24	15,00	18,00	57,00	3 орын	өтті	Сапарова Гүлжан

4. Келесі мәселе бойынша 9, 11 сынып оқушыларының ББЖМ мен ҰБТ-ға дайындық дәрежесі жайлы айтылды. Биылғы 11 және 9 сынып оқушыларына пән бойынша ҰБТ, ББЖМ дайындық жоспары құрылып, әкімшілік тарапынан бекітілді. ҰБТ, ББЖМ тапсыру ережелерімен таныстырылды, дайындық барысында уәждемесі төмен оқушылар анықталды, оларға арналған жұмыс жоспары түзілді. Математика пәнінің тақырыптық тесттер жинақталынды. 9-11 сынып оқушыларының ББЖМ мен ҰБТ-ға дайындығы жайында айтылды. Бірлестіктің ББЖМ мен ҰБТ-ға арналған жоспары бекітілген. Соған байланысты уәждемесі төмен оқушыларға арналған жұмыс жоспары жасалынған, апталық тест жұмыстары алынып, оларға жасалған сараптамалары мен тестке талдаулар дер кезінде алынуда. ББЖМ-ға жауапты пән мұғалімдері – Әлі Ақнұр, Ергеш Назерке, Ешенбаева Ақбаян, Абилова Ахмарал, Сапарова Гүлжан. Ал 11 сыныптармен дайындықты- Ергеш Назерке, Сапарова Гүлжан жүргізуде. Оның арнайы өткізу ережесі бекітілген. Ережені негізге алған білім беру ұйымы мектептің оқу үдерісіне сәйкес іс-шаралар жоспарын түзді. ҰБТ-ға дайындық ретінде байқау тестілеуін өткізіп, сараптама талдауын жасап, көрсеткіші төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізілді. ҰБТ-ға дайындық сабақтары ұйымдастырылады, оқушылардың физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып дайындауға мектептің психологиялық қызмет көрсету орталығы өз көмегін тигізді. ҰБТ нәтижесімен ата-аналарды хабардар етіп отырды.

Бірлестік жетекшісі

Хатшысы

А.Әлі

Ш.Қадыркен

**«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
математика пәні әдістемелік бірлестігінің 2024-2025 оқу жылындағы атқарылған
жылдық іс-шара есебі**

2024-2025 оқу жылында математика пәндері әдістемелік бірлестігінде 13 мұғалім жұмыс атқарды, оның ішінде педагог-зерттеуші: Сапарова Гүлжан, Өлі Ақнұр, Орынбай Жанар, Сайдомар Гүлнар, Рыскулова Бибі, Ешенбаева Ақбаян, педагог-сарапшы: Нуржигитова Балжан, педагог-модератор: Ергеш Назерке, Мәдіханова Оразкүл, Өбілқасым Мәди, педагог: Палванова Данагуль, Рсымбет Аружан, Дармениязова Гүлчехра. Жыл басында сағат жүктемелері бөлініп, күнтізбелік жоспарлар бекітілді. Кабинет меңгерушілері бекітіліп, кабинеттер тазартылып, жабдықталды. Айлық, жылдық жоспарлар түзіліп, бекітілді, яғни математика әдістемелік бірлестігінің әдістемелік тақырыбы: «Жаңа технология әдістерін қолдана отырып, математика сабағында оқушы біліктілігін арттыру». Оқушылардың назарын ғылыми тілге аудару (мысалы, топтық жұмыстар, сұрақты дұрыс қоя білу, жағдайды талдау және пікірталас жүргізу үшін қажетті тіркестері), тапсырмалар дайындау кезінде танымдық қабілеттеріне және оқу мақсаттарына сәйкестендіріп, нақтылап дайындалу, жалпы орта білім деңгейіндегі пәндерді оқытудың ерекшеліктері оқу бағдарламасына сәйкес инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, қысқа мерзімді жоспарды оқушылардың қажеттілігі мен үлгеріміне қарай түзету енгізе отырып, бейімдеу, компьютерлік технологияларды пайдала білім беру құзыреттілігін қалыптастыру мақсаты қойылды.

Математика пәні әдістемелік бірлестігінің 03.02.25 – 13.02.25 күндері аралығында өткен он күндік тақырыбы: «Математика болашаққа жол». Мақсаты: Оқушылардың білімін тереңдету. Мұғалімдердің кәсіби тәжірибе алмасуы, әріптестер арасында жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді бөлісу, тиімді оқыту әдістемелерін көрсету. Инновациялық технологияларды қолдану, заманауи құралдар мен әдістерді сабақ барысында көрсету арқылы оқыту үдерісін жетілдіру. Педагогикалық шеберлікті арттыру, мұғалімдердің сабақты ұйымдастыру шеберлігін көрсету және жетілдіру.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы: Әділетті Қазақстан: «Бірлік және ынтымақ» құндылығын дамыту мақсатта «Кальмар» ойыны ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылар ойынды ойнау барысында өзіне деген сенімділікті арттырып, оң эмоциялар тудырды. Оқушылар тез ойлап, тез шешім қабылдап үйренді.

03.02.2025ж күні математика пәні мұғалімі Өлі Ақнұр «Тригонометриялық формулалар» атты тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақта мұғалім өз ісіне деген сенімділігін өзін-өзі ұстауы, сабақты түсіндіруде сөз саптауы, мұғалімнің өз ісіне деген сенімділігін танытты. Құндылыққа бай сабақ болып өтті. Мұғалімде ізденіс бар. Тригонометриялық функцияларды халқымыздың ұлттық құндылықтарымен байланыстыру арқылы есептер шығарды. Сабақта жасанды интеллект арқылы киіз үйдің элементтері және ою өрнектердің симметриясы, домбыраның периодтылық пен синус косинус функцияларының ритмі бейнелетінін көрсетті.

04.02.25ж күні математика пәні мұғалімі Ергеш Назерке «Санның логарифмі және оның қасиеттері» атты тақырыбында ашық сабақ өтті. Оқушылар «Жүректен жүрекке» әдісі арқылы сыныпта жағымды ахуал орнатады. Оқушылар «Стакандар» түсі бойынша топтарға бірікті. Цифрлық платформа Learning.app платформасы арқылы өткен тақырыптар бойынша білімдерін еске түсіреді. «Калькулятор» әдісі арқылы бағаланады. Құндылыққа бай сабақ өтілді. Кері байланысты оқушылар Padlet платформасы арқылы жасалды. Сабақ өте жақсы деп бағаланды.

05.02.2025 жылы күні математика пәні мұғалімі Нуржигитова Балжан «Сан аралықтарының бірігуі мен қиылысуы» атты тақырыбында ашық сабақ өтті. Оқушылар «Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін» әдісі арқылы сыныпта жағымды ахуал орнатады. «Көршінді тексер» әдісі арқылы үй тапсырмасын тексерді. Оқушылар «Санамақ» бойынша топтарға бірікті. Цифрлық платформа wodwooll платформасы арқылы миға шабуыл жасап, өткен тақырыптар бойынша білімдерін еске түсіреді. «Лайк басу» әдісі арқылы бағаланады. Құндылыққа бай сабақ өтілді. Сабақ ортасында сергіту сәтінде оқушылар «Кім жылдам» ойынын ойнап, шоколад ұтысына ие болды. Оқушылар топтық, жұптық және жеке тест тапсырмасын орындап үлгерді. Кері байланысты оқушылар Answergarden платформасы арқылы жасалды. Сабақ өте жақсы деп бағаланды.

05.02.2025ж жылы күні математика пәні мұғалімі Сапаровап Гүлжан «Айналу денелеріне есептер шығару» атты тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ қызықты өтті. Сабақта мұғалім өз ісіне деген сенімділігін өзін-өзі ұстауы, сабақты түсіндіруде сөз саптауы, мұғалімнің өз ісіне деген сенімділігін танытты. Мұғалімде ізденіс бар. «Көршінді тексер» әдісі арқылы үй тапсырмасын тексерді. Цифрлық платформа JAMBOARD платформасы арқылы миға шабуыл жасап, өткен тақырыптар бойынша білімдерін еске түсіреді. Мақтау-мадақтау арқылы бағаланады. «Бірлік және ынтымақ» құндылығы бойынша оқушылар командада жұмыс істей білді, өзгелерге мейірімділік пен жанашырлық танытты, топтық жұмыстарда бір-біріне көмек көрсетті. Кері байланысты оқушылар «Интервью» әдісі арқылы жасалды. Сабақ өте жақсы деп бағаланды.

06.02.2025ж жылы күні математика пәні мұғалімі Палванова Д «Ондық бөлшектерді қосу және азайту» тақырыбына ашық сабақ өтті. Сабақта мұғалім жас маман болса да ісіне деген сенімділігін өзін-өзі ұстауы, сабақты түсіндіруде сөз саптауы, мұғалімнің өз ісіне деген сенімділігін танытты. Мұғалімде ізденіс бар. Цифрлық платформа wodwooll платформасы арқылы миға шабуыл жасап, өткен тақырыптар бойынша білімдерін еске түсіреді. «Бірлік және ынтымақ» құндылығы бойынша оқушылар басқалармен бірлескен жұмыстың нәтижесін қорғай білді, өзгені тыңдау түсіну және диалог жүргізілді. Оқушылар топтық, жұптық және жеке тапсырмалар орындап үлгерді.

06.02.2025ж жылы күні математика пәні мұғалімі Мәдіханова Оразкүл «Қысқаша көбейту формулаларының көмегімен өрнектерді түрлендіру» атты тақырыбында ашық сабақ өтті. Оқушылар «Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін» әдісі арқылы сыныпта жағымды ахуал орнатады. «Принтер» әдісі арқылы үй тапсырмасын тексерді. Оқушылар кеспе қағаздар бойынша топтарға бірікті. Оқушыларға өткен сабақты қайталау мақсатында «Асық жинау» әдісі бойынша дұрыс жауаптары ҚР тарихындағы маңызды оқиғалармен байланыстыра құрастырылған сұрақтар қойылды. Құндылыққа бай сабақ өтілді. Цифрлық платформа wodwooll платформасы арқылы сәйкестендіру тапсырмаларын орындады. Оқушылар топтық, жұптық және жеке тест тапсырмасын орындап үлгерді. Кері байланысты оқушылар «Білім қоржыны» платформасы арқылы жасалды. Сабақ өте жақсы деп бағаланды.

07.02.2025 жылы күні математика пәні мұғалімі Абилова Ақмарал «Үшбұрыштың және төртбұрыштың ауданы» атты тақырыбында ашық сабақ өтті. Оқушылар бір-біріне жақсы көңіл – күй мен сабақ барысында өздеріне сәттілік тіледі. «Көршінді тексер» әдісі арқылы үй тапсырмасын тексерді. Цифрлық платформа wodwooll платформасы арқылы миға шабуыл жасап, өткен тақырыптар бойынша білімдерін еске түсіреді. «Күнделік» әдісі арқылы бағаланады, яғни әрбір дұрыс жауапқа балл қосып отырады. Құндылыққа бай сабақ өтілді. Сабақ барысында: Learning.app , quizzz платформаларында есептер шығарды. Оқушылар топтық, жұптық және жеке тапсырмасын орындап үлгерді. Кері байланысты

оқушылар «Смарт сағат» әдісі арқылы жасалды. Сабақ өте жақсы деп бағаланды. Мұғалімде ізденіс бар.

10.02.2025 жылы күні математика пәні мұғалімі Рсымбет Аружан «Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздікті шешу» атты тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ қызықты өтті. Сабақта мұғалім жас маман болса да ісіне деген сенімділігін өзін-өзі ұстауы, сабақты түсіндіруде сөз саптауы, мұғалімнің өз ісіне деген сенімділігін танытты. Оқушылар сабаққа белсене қатысты. «Ойлы ойын» деп аталатын оқушыларды өзін-өзі бағалау парағы таратылды. Жасампаздық және жаңашылдық құндылығы бойынша «Әжеммен ойын» әдісі бойынша Қазақ халқының ұлттық тағамдарына байланыстыра отырып, құрастырылған сұрақтар қойылды. «Білім қоржыны» әдісі арқылы оқушылардан кері байланыс алынды.

11.02.25 жылы күні математика пәні мұғалімі Рыскулова Бибі «Үшбұрыштар мен төртбұрыштың ауданы» атты тақырыбында ашық сабақ өтті. «Карточка» әдісі арқылы оқушылар топқа бірікті. «Көршінді тексер» әдісі арқылы үй тапсырмасын тексерді. Цифрлық платформа quizzz платформасы арқылы миға шабуыл жасап, өткен тақырыштар бойынша білімдерін еске түсіреді. Мақтау-мадақтау арқылы бағаланады. Сабақта оқушылар белсеніп, тапсырмаларды орындады. Сабақтың негізгі мақсаты білім деңгейін көтеру еді. Сабақ мақсатына жетті.

11.02.25 жылы күні математика пәні мұғалімі Әбілқасым Мәди «Қысқаша көбейту формулаларының көмегімен өрнектерді түрлендіру» атты тақырыбында ашық сабақ өтті. Үй тапсырмасы «Google» әдісі бойынша 2 минуттық бақылау негізінде үй жұмысын тексерді. Топтық жұмыс: «Айналма үстел» әдісі арқылы оқушылар столды айнала жүріп есепті кезекпен есепті шығарып шығады. Сабақта мұғалім жас маман болса да ісіне деген сенімділігін өзін-өзі ұстауы, сабақты түсіндіруде сөз саптауы, мұғалімнің өз ісіне деген сенімділігін танытты. Мұғалімде ізденіс бар. Оқушылар сабақтан алған білімі мен әсерін :«Ұстазға хат» Padlet тақтасын жазды.

12.02.2025 жылы күні математика пәні мұғалімі Дармениязова Гульчехра «Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздікті шешу» атты тақырыбында ашық сабақ өтті. Оқушылар «Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін» әдісі арқылы сыныпта жағымды ахуал орнатады. «Көршінді тексер» әдісі арқылы үй тапсырмасын тексерді. Оқушыларға өткен сабақты қайталау мақсатында «Миға шабуыл» әдісі бойынша сұрақтар қойылды. Цифрлық платформа wodwooll платформасы арқылы тест тапсырмасын орындады. Топтық жұмыс заманауи «Тарсия» әдісі бойынша есептер шығарылды. Сабақта мұғалім жас маман болса да ісіне деген сенімділігін өзін-өзі ұстауы, сабақты түсіндіруде сөз саптауы, мұғалімнің өз ісіне деген сенімділігін танытты. Мұғалімде ізденіс бар.

13.02.2025 жылы күні математика пәні мұғалімі Сайдомар Гүлнар «Ондық бөлшектерді көбейту» атты тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақта мұғалім ісіне деген сенімділігін өзін-өзі ұстауы, сабақты түсіндіруде сөз саптауы, мұғалімнің өз ісіне деген сенімділігін танытты. Мұғалімде ізденіс бар. Сабақтың құрылымы өте жақсы. Сабақ барысында оқушылар жеке жұмыс орындады, топтық «Тарсия» әдісі арқылы оқушылар ондық бөлшектерді көбейтудің дұрыс жауабын тауып, фигура құрастырады, жұптық жұмыстар wodwooll платформасы арқылы оқушылар сәйкестендіру орындады. Кері байланыс «Бағдаршам» әдісі арқылы алынды.

**2024-2025 оқу жылында халықаралық, республикалық
олимпиадада орын алған оқушылар жайында
МӘЛІМЕТ**

№	Жетістіктер атауы	Әлеуметтік желі сілтемесі
1	«№136 жалпы білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 11 сынып оқушысы аудандық «Алтын түлек» математикалық олимпиадасына қатысып Доспол Әділет 1 орын 10 сынып оқушылары Алыбай Шыңғыс 2 орын Тоқтамысова Балхадиша 2 орын Білім бәйгесінде үздік көрсеткіш көрсеткен шәкіртімізді даярлаған - жетекшісі Сапарова Гулжан Қыдырбек Айжамал 3 орын 11 Г сынып оқушысы Мурсалиев Арсен 3 орын 10 А сынып оқушысы Сейтнасыр Айару 10 А сынып оқушысы мадақтамамен марапатталды. Білім бәйгесінде үздік көрсеткіш көрсеткен шәкіртімізді даярлаған - жетекшісі Ергеш Назерке «№136 жалпы білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Республикалық «Алтын түлек» математикалық олимпиадасына қатысып 10 сынып оқушылары Алыбай Шыңғыс 2 орын Білім бәйгесінде үздік көрсеткіш көрсеткен шәкіртімізді даярлаған - жетекшісі Сапарова Гулжан	https://www.facebook.com/share/1M4Sr6PVpQ/?mibextid=wwXIfr
2	“Дарын” орталығының ұйымдастыруымен өткен республикалық “Алтын сақа” математикалық олимпиадасына қатысқан жүлдегерлер: Кенбай Әбдікәрім 5 сынып оқушысы 2 дәрежелі диплом Сағынтай Аян 5 сынып оқушысы 2 дәрежелі диплом Қуанышбай Еркеқыз 6 сынып оқушысы 2 дәрежелі диплом Исмет Мухаммадамин 6 сынып оқушысы 3 дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшілері: Сайдомар Гулнар, Дармениязова Гулчехра, Рсымбет Аружан	https://www.facebook.com/share/18maAyFWWL/
3	“Дарын” орталығының ұйымдастыруымен өткен «Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жүлдегерлері: Альмет Серік 6 сынып оқушысы 3 дәрежелі диплом Исмет Мухаммадамин 6 сынып оқушысы 1 дәрежелі диплом Нөкербай Раяна 6 сынып оқушысы 3 дәрежелі диплом Жетекшісі: Дармениязова Гульчехра	

4	“Дарын” орталығының ұйымдастыруымен өткен “Математика” пәні бойынша республикалық олимпиадасының аудандық кезеңінің жеңімпазы: 1) Шәріпхан Ажар 7 Д сынып Орын: 2 Жетекшісі: Мәдіханова Оразкүл 2) Алыбай Шыңғыс 10 Г сынып Орын: 3 Жетекшісі: Сапарова Гүлжан 3) Қыдырбек Айжамал 11 Г сынып Орын: 3 Жетекшісі: Ергеш Назерке	
5	“Дарын” орталығының ұйымдастыруымен өткен математика пәні бойынша «Кенгуру» ойын-конкурсының жеңімпаздары: 8 Ә сынып оқушысы Пернебай Айдана 2 орын 8 Ж сынып оқушысы Сәрсенбеков Ерасыл 2 орын 8 Ғ сынып оқушысы Сахитжан Мерей 3 орын Жетекшісі: Нуржигитова Балжан 7 Д сынып оқушысы Шәріпхан Ажар 2 орын 7 Ғ сынып оқушысы Сапаралиева Кәусар 3 орын Жетекшісі: Мәдіханова Оразкүл «Кенгуру» Дарын Олимпиадасы. Диплом 2-орын. Байбек Гүлсезім 7- сынып Шымкент-2025ж «Кенгуру» Дарын Олимпиадасы. Диплом 2-орын. Әбілпатса Раяна 7- сынып Шымкент-2025ж «Кенгуру» Дарын Олимпиадасы. Диплом 2-орын. Сағынбек Балнұр 7-сынып Шымкент-2025ж «Кенгуру» Дарын Олимпиадасы. Диплом 2-орын. Шырынхан Саят 7- сынып Шымкент-2025ж «Кенгуру» Дарын Олимпиадасы. Диплом 2-орын. Абдулла Мұхамедали 7-сынып Шымкент-2025ж «Кенгуру» Дарын Олимпиадасы. Диплом 2-орын. Болат Дінмұхаммед 7-сынып Шымкент-2025ж «Кенгуру» Дарын Олимпиадасы. Диплом 2-орын. Кенбай Әбдікәрім 5-сынып Шымкент-2025ж «Кенгуру» Дарын Олимпиадасы. Диплом 2-орын. Амангелді Айша 5-сынып Шымкент-2025ж «Кенгуру» Дарын Олимпиадасы. Диплом 3-орын. Сәкен Гүлназ 7- сынып Шымкент-2025ж «Зерделі Ұрпақ» Марафон-Челендж. Грамота. Кенбай Әбдікәрім 5- сынып Астана-2025ж «ЖАС МАТЕМАТИК» Білім шыңы Олимпиадасы Диплом 2-орын. Еркінбек Мейіржан 5-сынып Шымкент-2025 Жетекшісі: Сайдомар Гүлнар	

2024-2025 оқу жылында 5-11 сынып оқушыларының білім сапасын анықтау үшін математика пәнінен бақылау жұмыстары алынып, қорытындысы мен сараптамасы жасалынды. Бақылау жұмыстары мен тоқсандық үлгерім нәтижелері бойынша математика пәндерінен білім сапасы 59,57% жетті, ал үлгерім сапасы жыл басында 100% болды.

Математика пәндері әдістемелік бірлестігіне бекітілген 2 оқу кабинеті мен қосалқы тәжірибелік бөлме бекітілген. Оқу жылына арналған кабинет жоспары жасалынған, техника қауіпсіздігі ережесінің бұрышы жасалған. Пән мұғалімдері дидактикалық материалдар санын көбейтуге өз үлестерін қосып отырды.

Lesson Study есебі бойынша:

1. Әбілқасым Мәди 6 «В» сыныбына

6.12.2024 ж «Айнымалысы бар өрнек»

26.02.2025ж «Перпендикуляр түзулер және кесінділер. Параллель түзулер және кесінділер»

06.03.2025ж «Координаталық жазықтық. Тікбұрышты координаталар жүйесі.»

2. Рысмет Аружан 6 «Ә» сыныбына

5.12.2024 ж «Айнымалысы бар өрнек»

26.02.2025ж «Перпендикуляр түзулер және кесінділер. Параллель түзулер және кесінділер»

05.03.2025ж «Координаталық жазықтық. Тікбұрышты координаталар жүйесі.»

3. Дармениязова Г 6 «Г» сыныбына

06.12.2024 ж «Айнымалысы бар өрнек»

25.02.2025ж «Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу»

04.03.2025ж «Координаталық жазықтық. Тікбұрышты координаталар жүйесі»

4. Сапарова Г 10 «Г» сыныбына

05.12.2024 ж «Ықтималдықтар теориясы»

19.02.2025 ж «Шектерді табу. Бірінші тамаша шек»

04.04.2025 ж «Функцияның өсу және кему белгілері»

5. Рыскулова Б 10 «Г» сыныбына

05.12.2024 ж «Ықтималдықтар теориясы»

19.02.2025 ж «Шектерді табу. Бірінші тамаша шек»

04.04.2025 ж «Функцияның өсу және кему белгілері»


6. Ергеш Н 10 «В» сыныбына

05.12.2024 ж «Ықтималдықтар теориясы»

19.02.2025 ж «Шектерді табу. Бірінші тамаша шек»

04.04.2025 ж «Функцияның өсу және кему белгілері»

Сабақтың өту барысында тапсырмаларға сәйкес деңгейлік тапсырмаларды тиімді пайдаланды. Оқушылармен топтық жұмыс, жеке жұмыс кезінде жаңа материалды ашу бөлімінде сызбаларды ұтымды пайдалана білді. Сызба арқылы оқушылардың ойлау қабілетін, логикалық танымдық қабілеттілігін арттырды. Сабақ тиянақты көрнекілікпен, техникалық құралдар, дидактикалық тапсырмалар қолдану арқылы, оқушылардың белсенді қатысуымен өтті.

ӘБ жетекшісі  Б.З.Нуржигитова